

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

«АЛАШ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТҮТАСТЫҚ ИДЕЯСЫ» атты
Алаш қозғалысы және Алаш Орда үкіметінің 100-жылдық мерейтойына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы

«АЛАШ – ИДЕЯ НАЦИОНАЛЬНОГО ЕДИНСТВА КАЗАХОВ»
сборник международной научно-практической конференции
посвященной 100-летию движения Алаш и правительства Алаш Орды

**«ALASH - THE IDEA OF THE NATIONAL UNITY OF
KAZAKH PEOPLE»**
collection of international scientific-practical conference dedicated to
the 100th anniversary of the Alash movement and
the Alash Orda government

Астана, 2017

**ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3 (5 кой)
A39**

Жалпы редакциясын басқарған: КР Ұлттық музейі директорының міндетін атқарушы, т.ғ.д., профессор Ж.Қ. Таймағамбетов.

Жауапты редакторы: ғылыми-әдістемелік қызмет басшысы, философия докторы (PhD) С.Б. Алипова.

Құрастырып, баспаға әзірлегендер: М.Ш. Карикулова, С.А. Абдрахманов, Л.Е. Үсенбек, М.О. Амирова, С.С. Хасенов, Г.Б. Есжанова.

Аннотацияларды ағылшын тіліне аударған: А.М. Кайназарова

A39 «Алаш – қазақтың ұлттық тұтастық идеясы» атты Алаш қозғалысы және Алаш Орда үкіметінің 100-жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 24 наука, 2017 ж. – Астана, 2017. – 559 б.

ISBN 978-9965-23-426-2

Жинаққа 24.11.2017 жылы Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ұйымдастыруымен өткен «АЛАШ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТҰТАСТЫҚ ИДЕЯСЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енген. XX – ғасырдың бас кезіндегі елеулі оқиға болып табылатын «Алаш» зиялдыларының ұлттық мүдде мен ұлттық тәуелсіздік үшін күрес жолындағы ерөн еңбектеріне арналған жинақ. Жинақ материалдары жоғары оқу орындарының оқытушыларына, тарихшыларға, студенттерге және жалпы зиялды қауымға арналған.

**ӘОЖ 94 (574)
ББК 63.3 (5 кой)**

ISBN 978-9965-23-426-2

© Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

<i>Каленова Т.С.</i> РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ-ЗИЯТКЕРЛІК КАПИТАЛ.....	117
<i>Абдуалипова К.Ж., Таужанова Р.Ж.</i> МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІҢ ӨТКЕНІ, БҰГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫАРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ.....	120
<i>Алипова С.Б.</i> М. ШОҚАЙ – ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ҮШІН КҮРЕСКЕҢ ЕР.....	126
<i>Ospanova A.</i> KAZAK AYDINLARININ SİYASİ FAALİYETLERİ: ALAŞ ORDA HÜKÜMETİ.....	130
<i>Shorayev B.</i> THE LEADER OF ALAŞ MOVEMENT ALİHAN BÖKEYHANOV	134
<i>Баймуратова С.А.</i> ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ - СРЕДСТВО ПАТРИОТИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ.....	136
<i>Баймуратова С.Ә.</i> Т.ШОНАНҰЛЫ: ЖЕР МЕН ЕЛ ТАҒДЫРЫ.....	140
<i>Жұмагұл С.</i> «ҚАЗАҚСТАН» (1911-1913) ГАЗЕТИНІҢ ҚОЛДАУШЫСЫ ЗЕЙНЕЛҒАБИДЕН ТАФИЕВ ТАҒЫЛЫМЫ.....	143
<i>Малыбаева Б.С.</i> 1917 ГОД В ИСТОРИИ ДВИЖЕНИЯ «АЛАШ».....	148
<i>Сейтқасымов А.А.</i> «АБДОЛЛА БАЙТАСҰЛЫ – КӨКШЕЛІК АЛАШ АРЫСЫ».....	152
<i>Кариеva T.A.</i> АЛАШТЫҢ АМАНАТЫ – ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ.....	156
<i>Сейтқазиев Р.У., Рашиева Г.У.</i> КЕҢЕС БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТИНДЕГІ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	159
<i>Боранбаева Б.С</i> ҒҰМАР ҚАРАШ – АЛАШ ТҰЛҒАСЫ: ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРИ.....	163
<i>Ескекбаев Д.</i> АКАДЕМИК К. НҮРПЕЙІСҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРИНДЕГІ АЛАШ АҚИҚАТЫ.....	170
<i>Шаукенов Ж.А.</i> ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАЗАҚ ИНТЕЛЕГЕНЦИЯСЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ.....	173

Шаукенов Жангелді Арсенұлы

Костанай қ.

*А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті,
т.е.к., философия кафедрасының доценті*

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТИНІҢ ҚҰРЫЛУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАЗАҚ ИНТЕЛЕГЕНЦИЯСЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

VIEWS OF KAZAKH INTELLIGENTSIA ON THE PROBLEM OF FORMATION OF KAZAKH STATEHOOD

В статье рассматриваются исторические взгляды и мнения ведущей интеллигенции казахской интелигенции о проблемах и видениях будущей казахской государственности на родной казахской земле. Национальные идеи партии «Алаш» внесли неоценимый вклад в становление и развитие Республики Казахстан как суверенного и независимого государства.

The article considers historical views and opinions of the leading intellectual Kazakh intelligentsia of their time on some problems and visions of the future Kazakh statehood at the native Kazakh land. The national ideas of the party «Alash» made the invaluable contribution to formation and development of the Republic of Kazakhstan as a sovereign and independent state.

Кілт сөздер: ұлттық зияялары, автономия, арман, «Қазақ» газеті, «Алаш» партиясы, «Алаш Орда» үкіметі.

Ұлттық автономия мәселелеріндегі қазақ интеллигенциясының көзқарастары олардың өздері өмір сүрген заман тәрізді аса күрделі. Олардың шынайы мазмұнын айқын түсіну үшін, жанама зерттеушілердің емес, ұлттық интеллигенция өкілдерінің өздерінің түпнұска енбектерін терең және жан-жакты зерттеуіміз керек.

Қазақ ұлттық зияллыларының автономия мәселесіндегі тарихи көзқарастары арнайы тарихнамалық зерттеуді қажет етеді.

Мұндай мәселелерді тарихнамалық түрғыдан талдаудың өзіндік қыншылықтары да аз емес. Бұл үшін бәрінен бүрын еліміздегі автономиялық қозғалыстар тарихына баса мән беруге тұра келеді.

Казақ зиялышарының Қазақстанның тәуелсіздігі жолындағы үлкен бір саяси корытындылары және биік белестері болып табылатын «Алашорда» мемлекеттік құрылымы мен Түркістан автономиясына байланысты (Кеңестік әдебиеттерде – «Қокан автономиясы») отандық тарихымыздағы қозқарас эволюциясы аса күрделі жолдардан өтті. Сондыктанда бұл мәселелердің тарихнамасы да аса күрделі. Бүгінде бұл туралы толық мағлұмattар беретін еңбектербарышылық [1]. Тарихымыздың әртүрлі кезеңдерінде осы екі аталмыш автономиялық құрылым туралы қозқарастарда кейір өзгерістер бола тұрса да, бір нәрсе даусыз: ол – кеңестік тоталитарлық жүйе берік орнықкан соң «Алашорда» үкіметі мен Түркістан автономиясын біржақты қаралаудың тарихнамамызда орнығып. Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін оған қарсы дау айтудың мүмкіндігі болмағандығы. Көп томдық «Қазақ Совет энциклопедиясындағы» аталмыш автономияларға берілген бағаларды кеңестік таптық қозқарастың нақтыланған жинақталған қорытындысы ретінде қарастыруға болады деген ойламыз. Сондыктанда осынау энциклопедиялық түсініктемелермен қайтадан тоғызырақ танысқанымыз жон сияқты. Алашорда үкіметі туралы аталмыш энциклопедияның бірінші томынан төмендегідей жолдарды оқимыз: «Алашорда» - қазақтың буржуазиялық автономиясы; байлар мен феодалдардың және буржуазияшыл ұлтшылдардың 1917 ж. 5-13 (18-26) желтоқсанда Орынборда өткен («бүкілқырғыздық») 2-съезінде жарияланды. Съезде құрылған «Алашорда» үкіметі (басшылары – Ә.Бекіханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Е.Омаров, М.Шоқаев, Х.Фаббасов, Х.Досмұхаммедов, Ж.Досмұхаммедов, М.Тынышбаев т.б.) бай-феодалдар мен сол кезде қалыптаса бастаған қазақ буржуазияның таптық мүдделерін қорғады, қазақ халқын революцияшыл Россиядан, орыс пролетариатынан бөліп әкетуде мақсат ееті. Бұл үшін қарулы күштер құру туралы шешім қабылданды. «Алашорда» дербес автономия дегенді желеу етіп, оны Қазақстанда Совет үкіметіне

карсы күресудің басты құралына айналдыры. Буржуазияшыл ұлтшылдар өздерінің контреволюциялық әрекеттерін бүркемелеу үшін «ұлттық жалауды, ұлт мұддесін қорғағансыды, діни демагогия сүйенеді...» [2].

Жалпы Алашорданы және «Алаш» партиясының Түркістан (Қоқан) автономиясымен байланыстыруда осы кезеңдегі кеңестік әдебиетте кеңінен орнықкан көзқарас. Аталмыш энциклопедияның «Алаш партиясы» деп аталатын шағын мақаласынан осыған байланысты мынандай жолдарды оқимыз: «Алаш партиясы Совет өкіметін мойындайтын сөз жүзінде жарияланғанымен іс жүзінде қазақ халқының ішкі істеріне араласпауды талап етіп, жергілікті өкімет орындарын танымады. «Алашорда» Орал, Торғай облыстарында бөлімшелерін құрды, контреволюцияшыл Қокан автономиясымен, башқұрт ұлтшыларымен тығыз байлыныста болды...» [3].

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін де, тіптен кейін де осы көзқарасты берік ұстанип ғана қоймай, сонымен бірге қарапайым тарихи шындықты бұрмалап түсіндірушілер де аз болмады. Мысалы, Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін ұзак жылдар бойы зерттеп жүрген мәскеулік ғалым В.М.Устинов өзінің Қазақстанда 1996 жылы жарық көрген «Тұрар Рысқұлов: (Очерки политической биографии)» атты еңбегінде... Постепенно стали создаваться и организации по признакам отдельных национальностей. К примеру, казахская интеллигенция организовала в Туркестане отделение партии «Алаш» под названием «Бірліктуы» [4], - деп жазды. Тарихи шындық «Бірлік туының» саяси партияның бөлімшесі емес. Алаш қозғалысы газеттерінің бірі болғанын айтуды қажет етеді.

Ал енді Түркістан (Қоқан) автономиясының Алашордамен тығыз байланысты болғанына келер болсақ, бұл бүгінгі тарихымызда әбден дәлелденген нәрсе. Оған тоқталып жату сондықтан да қажет бола қоймас. Алайда жоғарыда кеңестік тарихи әдебиеттер сипаттағандай бұл байланыс ортақ көзқарасқа- жергілікті ұлттардың тәуелсіздікке қол жеткізуде көздеген асқақ армандарын жүзеге асыруға негізделген еді.

Яғни қазақ интеллигенциясы бәрінен бұрын қазақ жеке отау тігіп, автономия бола ала ма, жоқ әлде бола алмайды ма? – деген мәселе қатты толғандыры. Алдағы болатын жалпы қазақтық съезд осы мәселеге жауап беруі тиіс еді. Алайда саяси жағдайың тұрақсыздығына байланысты алғашқы жалпы қазақ съезі бұған нақты жауап берे алмағанын білеміз. Сондықтан да Ә.Бекейханов күзге қарай қазақтың «басқаларға қосылып» автономия болу жолын іздестіре бастады.

Айта кеткен жөн, «Қазақ» газеті алғашқы жалпы қазақ съезіне даярлық барысында жоғарыдағы мақаласында автономия дегенінің не екендігін бұқараға түсіндіруге күш салды. Сондықтан да Ә.Бекейханов күзге қарай қазақтың «басқаларға қосылып» автономия болу жолын іздестіре бастады. Автономияның екі түріне байланысты «Қазақ» газеті төмендегідей пікірлер жазды: «...Бұл автономиялардың мәнісін қысқалап айтып өтейік. Өзуелі мемлекеттік автономия болуға ма, яки уалаяттық автономия болуға ма дедік. Бұл екеуінің арасындағы айырмасы. Мемлекеттік автономия болса, өз ГосДумасы болмақ; өзіне керек закондарды сол Думасы шығармақ; Ақшасын өзі жасап жығармақ; Барша шаруалық ісі, теміржолы, пошта, телеграф сияқты істерінің бәрі де өзінде болмақ; жерсуның билегі де өзінде болмақ; өз алдына әскер ұстамақ; Қысқасы, мемлекетке керек жабдықтарын өзі жайғастырып, өз қамын өзі жемек. Жалғыз-ақ шет мемлекеттермен арасында болатын істер жалпы мемлекет арқылы істелмек. Жалпы мемлекеттің мемлекеттік автономияда өкілі ғана тұрмак. Мемлекеттік автономияның бас мемлекетпен жалғасатын жері осылар ғана. Уалаяттық автономия болса, оның өз алдына ақшасы, теміржолы, пошта, телеграф, әскері болмайды, жалпы мемлекеттің ГосДумасына өкілдерін жібереді. Өз Думасы сол жалпы мемлекет Думасында шықкан законге қайшы келмestей закондарды шығаруға ықтиярлы болады. Уалаяттағы барша жергілікті істерінің билегі өз қолында болады. Жер-судың билегі жалпы мемлекет қолында болады. Уалаяттық автономия я жер ынғайина, я елінің ынғайина қарай болады. Жері жақын болып бөлінуге ынғайлы болса, яғни бірнеше губерния я облыс жерлерінің табигаты бірінғай болса, онда істеліп отырған кәсіп һәм шаруашылық қалпыда бірінғай болмақ. Бұған қарап автономия болса, ол жерге қарай автономия болған болады. Бұл жердің елі бір тұқымнан болса, тілі, діні, тұрмысы бір ынғайлы болса, ондай ел бірінің автономия болуға жарайды. Онда елге

карай болған автономия болады. Біздің қазақ автономия бола аламыз десе, осылардын бәрін қарап, аржақ-бержагын тесе қарап, тексеріп барып боламыз деу керек» [5].

Бұл айтылғандарды бүгінгі көзбен саралайтын болсақ, сол тұстағы қазақ интеллигенциясының «мемлекеттік құрылымды аңғартатынын, ал «уалаяттық автономия» түсінігінің біздер одақтас республика» атап келген кенестік мемлекет құрылымына жақын екендігін аңғарар едік. Алайда саяси тұрғыдан алғанда қазақ интеллигенциясы ұсынып отырган мемлекет құрылышының екі түрі де кенестік мемлекет құрылышына салыстыруға келмейді. Өйткені XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясы автономия түрлері туралы айтқанда тек демократиялық құрылымдар туралы ойлады. Ал кенестік мемлекет құрылышының тоталитарлық, орыс большевиктік шовинизмі арнасында өрбігені бүгінде бәрімізге белгілі.

Казақ интелигенттерінің автономия мәселесіндегі көзкарасы 1917 жылдың 21 шілдесінде Орынборда ашылған жалпы қазақ съезінің қаулысында көрініс тапты. Онда төмендегідей мәселелер атап көрсетілді: «1.Мемлекет билеу түрі Россияға демократическая федеративная парламентарная республика болсын.2.Қазақ облыстарында автономия.Қазақ облыстары қоныс, ұлт жігіні қарай обласной автономия алуға тиіс» [6]. Осылайша қазақтың Ресей федеративтік парламенттік республикасы құрамында автономия алу туралы көзкарасқа заңдық негіз жасалды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. - М.,1994. -216 б.; 2.
2. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. - Алматы: «Санат»,1995. -365 б.
3. Нұрпейісов Қ. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: «Ататек», 1995. -256 б.
- 4.Алашорда//«Қазақ Совет энциклопедиясы». 1 том. - Алматы, 1972. -249 б.
- 5.«Алаш» партиясы //«Қазақ Совет энциклопедиясы». 1 том. -249 б.
- 6.Устинов В.М. Турар Рыскулов: (Очерки политической биографии). -Алматы: «Казахстан», 1996. -464 с. /45/.
- 7.«Қазақ» газеті. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы,1998. -396-397 бб.
- 8.«Қазақ» газеті. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы,1998. -405 б.

Шәріп Амантай Жарылқасынұлы

Астана қ.

*ф.ә.д., түркітану кафедрасының профессоры
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

«АЛАШ» КОНЦЕПТІСІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУ THE CONCEPT “ALASH” AND NATIONAL MODERNIZATION

Статья посвящена изучению историко-культурных аспектов, а также эволюции и трансформации концепции «Алаш» в контексте модернизации казахского общества в начале XX века. На примере публицистических статей лидеров национальной интеллигенции и произведений известных поэтов рассматриваются вопросы духовного развития, этнической ментальности, национального патриотизма.

The article is devoted to the study of historical-cultural aspects, as well as the evolution and transformation of the concept "Alash" in the context of modernization of the Kazakh society at the beginning of the 20th century. On the example of publicistic articles of the leaders of the national intelligentsia and works of famous poets, issues of spiritual development, ethnic mentality, national patriotism are considered.

Key words: Alash, Kazakh, national modernization, ethnic mentality, poetry.

Қоғамтанушы ғалымдардың пайымдауынша, ұлттық ояну мен жаңғыру тұсында тарихи генеалогия (тек-тамырды тану) басты шарт, әдепкі негізге айналады. Мұның мысалы мемлекеттің атауын таңдаудан ғана емес, белгілі бір нәсілге (ұлтқа, тайпаға, руга) жататын қауымдастықтың өзіндік идентификациясы — этноминим тарапынан да табылады.

Құрастырушы:

Карикулова Маржан Шукіржанқызы

Гуманитарлық ғылымдар магистри

Басылымға жауапты:

Карикулова М.Ш., Амирова М.О. Үсенбек Л.Е.

«АЛАШ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТҰТАСТЫҚ ИДЕЯСЫ»

Алаш қозғалысы және Алаш Орда үкіметінің 100-жылдық мерейтойна арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ